



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қолданылған әдебиет

1. Федонін О. С., Рєпіна І. М., Олексюк О. І. Потенціал підприємства: формування та оцінка. – К.: КНЕУ, 2003. – 316 с.
2. Николаенко Т. В. Рекреационная география. – М.: ВЛАДОС, 2001. – 288 с. Зорин И. В., Квартальнов В. А. Энциклопедия туризма. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 384 с.
3. Дроздов А. В. Экотуризм: определения, принципы, признаки, формы // Актуальные проблемы
4. Кусков А. С., Лысикова О. В. Курортология и оздоровительный туризм. – Ростов н / Д: «Фе-никс», 2004. – 320 с.
5. Дорогунцов С. І., Хвесик М. А., Горбач Л. М., Пастушенко П. П. Екосередовище і сучасність. Т.
6. Голиков Д.П. Организационно экономический механизм использования регионального туристско-ресурсного потенциала, 2005. – 36с.
7. Брусокен Т. В. Формирование и реализация туристского потенциала региона: Авторе ф. дис...канд.. экон. наук: 08.00.05. – СПб.: Изда-во СПбГУ, 2004. – 25 с.

ӘӨЖ 338.48(201)(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒАРЫШТЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ӘЛЕУЕТІ

Исабаева Айдана Нұрдәулетқызы

aidanaissabayeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, «Туризм»

мамандығының 1-ші курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Рүстемова С.М.

Мақалада ғарыштық туризмге анықтама беріліп, Қазақстандағы ғарыштық туризмнің даму мүмкіндіктері туралы сипаттама берілген. Осы туризм түрінің белгілі бір мәселелер шешілген кезде әлеуетінің зор екені атап көрсетілген.

Негізгі ұғымдар: ғарыштық туризм, әлеует, кластер, ғарыш айлағы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда туризмнің барлық түрлерін дамыту мүмкіндігі бар екендігін Бүкіләлемдік Туристік Ұйымның Бас Ассамблеясының 18-ші сессиясында айта кетіп, ғарыштық туризмге ерекше көңіл бөлген болатын. Ғарыштық туризм деп ашық космосқа немесе жер төңірегіндегі орбитаға, сондай-ақ ғарыш кемелер бастау алатын жерлерге танымдық мақсатта ұйымдастырылатын турларды айтамыз. «Біз ғарыштық туризм секілді туризмнің перспективалы түріне көп көңіл бөлеміз. Қазіргі таңда әлемде отызға жуық ғарыш айлықтары бар, солардың ішінде Байқоңырдың орны ерекше. Байқоңыр – бұл аса маңызды оқиғалар болған әлем космонавтикасының бесігі. Атап айтқанда: алғашқы ғарыштық серік, адам, ғарыштық экипаж, сондай-ақ адамзат тарихындағы алғашқы ғарыштық турист», - деп жалғастырды Елбасы.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен даму барысындағы бүгінгі күннің контекстінде ғарыштық туризмнің даму әлеуетін айқындау мәселесі оны жаңа үрдісте зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр.

Әлемдегі ғарыштық бәсекеге қабілетті, ғарыштық держава атағын алуға үміткер елдердің қатарында Қазақстанның орны ерекше. Президент Нұрсұлтан Назарбаев белгілеген Қазақстан Республикасының стратегиялық дамуының басым бағыттарының бірі зымыран-ғарыштық саласының дамуы болып табылады. Қазақстан шикізат мемлекетінің мәртебесінен жоғарғы технологиялы, зияткерлік-дамыған мемлекеттік мәртебеге өту деңгейіне көптен бері ұмтылыс жасауда. Бүгінде, әлем Қазақстанды «ғарыштық держава» ретінде мойындамаса да,

елімізде осыған қажетті барлық мүмкіндіктер бар. Алдымен, әлем елдеріне қол жетімсіз «Байқоңыр» ғарыш айлағын атауға болады. Негізінде, ғарышты игеру Қазақстан үшін саяси, әскери немесе абыройлық мақсат емес, ол ең алдымен, экономикалық, коммерциялық мақсаттағы бағыт болып табылады[1].

Дегенмен, Қазақстанда ғарыштық туризмді дамуға кері әсерін тигізетін үлкен мәселе бар. Бұл - Байқоңыр ғарыш айлағын Ресейдің жалға алуы. Деректерге сүйенетін болсақ, осыған дейін «Байқоңыр» кешенін РФ жалға алу мерзімі ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы шілденің 14-індегі қаулысымен ратификацияланған келісім бойынша екі елдің Үкіметтері арасында кешенді жалға беру шартында белгіленген және одан әрі ұзарту мүмкіндігімен 20 жылға жасалған болатын. Яғни, бұған дейінгі келісімге сәйкес «Байқоңыр» айлағы 2014 жылға дейін жалға берілген болатын. Ал бүгінгі қаралып отырған келісімнің 6-бабында «Байқоңыр» кешенін РФ-ның жалға алу мерзімін 2050 жылға дейін ұзарту көзделеді. «Байқоңыр» кешенін РФ жалға алу мерзімінің ұзартылуына байланысты ҚР мен РФ арасында белгіленген әкімшілік-аумақтық өкілеттіктер шеңберінде Байқоңыр қаласының әкімшілігі мен РФ басқа да органдарының қызмет мерзімі ұзартылатын болады. Осылайша, екі ел арасындағы келісімге сәйкес «Байқоңыр» ғарыш айлағын жалға беру мерзімі 2014 жылдан 2050 жылға дейін ұзартылып отыр[2].

Мамандардың айтуынша, Қазақстан тарапы «Байқоңырды» игеру ісінде Ресейден басқа жолдарын табуға да қабілетті. Ондай жағдайда Қазақстан жерін жалға берумен ғана шектеліп қалмай, өзі де түрлі жобалардың қатысушысы ғана емес, тіпті жетекшісі бола алатындай мүмкіндіктері бар. Сондықтан да, Байқоңыр қаласының құқықтық реттеу құзыры толықтай Қазақстанның өзіне қайтарылуы мемлекет тарапынан нақты және шұғыл әрекет етуді қажет етеді.

Айта кетерлік, бүгінде біздің мемлекетіміз осы күрделі саланы игеруге талпынғандарға қолдау көрсетіп, үлкен жағдай жасауда. Мәселен, ғарыш саласындағы кадрларды кешенді даярлауды ұйымдастыру бойынша Қазғарыш пен Білім және ғылым министрлігі арасында өзара әрекеттестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылып, Қазғарыштың ұсынысымен ғарыш саласына арналған мамандарды даярлау бойынша базалық жоғары оқу орындары ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы энергетика және байланыс институты, Азаматтық авиация академиясы анықталған. Аталмыш жоғары оқу орындарында 70-ке жуық студент мамандық алууда.

Сонымен қатар, 1996 жылдан бастап Байқоңыр қаласында орналасқан «Восход» Мәскеу авиациялық институтында 205 қазақстандық азамат білім алууда. Осы мақсатта еліміздің Білім және ғылым министрлігі 2008 жылдан бері жыл сайын 45 оқу грантын бөліп отырады.

Сондай-ақ, авиация саласы бойынша білікті мамандар дайындау «Болашақ» бағдарламасының аясында да жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда 29 стипендиат Ресей, Ирландия, Малайзия, Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Нидерланды және Канада мемлекеттерінде өз білімдерін шыңдап жүр[3].

Еліміздің экономикалық қарқынды даму процесіне әлемдік дәрежеде ғарыштық туризмді дамыту өте маңызды, себебі, болашақта Қазақстан әлем деңгейінде ғарыштық қызмет көрсетудің ірі орталықтарының біріне айналуы мүмкін. Назарбаев университеті студенттерімен кездесу барысында француздық ғарышкер Жан-Пьер Энбере «Болашақта Қазақстан – ғарыштық туризмнің Меккесіне айналуы мүмкін» деген болжам айтты. Бұл, тек жақын шет елдер де ғана емес, сондай – ақ Қазақстандық ғарыш қызметін әлем танып жатқанын атап өтуге болады.

Қорытындылай келе, Қазақстанда индустриялық-инновациялық даму стратегиясының жүзеге асуына, ғарыш индустриясы кластерінің құрылуы мен дамуына, халықаралық маңызды серпінді жобалардың іске асуына, әлемдік ғылыми және ғылыми-техникалық кеңістікке енуіне оң ықпал ететін отандық ғарыш саласын жасау міндеті алда тұр. Осы

міндетке барынша қол жеткізу - еліміздің ғарыштық туризмнің даму әлеуетін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Жумагулова Б.Р. «Ұлы жібек жолы бойымен Байқоңыр ғарыш алаңына: ғарыштық туризмді дамыту болашағы», 2013 ж.
2. <http://kazcosmos.gov.kz/ru/press-office/intervyu/doc/egemen.html>
3. <http://www.inform.kz/rus/article/2241455>

УДК 33.334.02

ТУРИЗМДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Игисинаова Мақпал

makpal199@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының 4 курс студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Муканов А.Х.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына соңғы жолдауында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытын тұжырымдады. Жолдауда алдағы онжылдықтарда әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі басымдылықтары мазмұндалды, соның ішінде ЖІӨ-ді ұлғайту, халықтың тұрмысын жақсарту сияқты мәселелер айтылды. Президент ең негізгі күш халықтың тұрмысының сапасын тіке анықтайтын салаларға бағытталуы тиіс екенін атап өтті.

Туризм – адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған экономиканың ең маңызды салаларының бірі. Дегенмен, бұл ретте экономиканың басқада салаларына қарағанда туризм табиғи ресурстардың сарқылуына әкелмейді. Туризм басқа салалардың әлемдік нарықтағы орнықсыздық жағдайларымен салыстырғанда тұрақтылықты көрсетеді.

Кез-келген туристік кәсіпорынның қатаң бәсекелестік жағдайында ең басты міндеті туристік нарықта алдыңғы орынға шығу, табыс табу және оны арттыру болып табылады. Тұтынушыларды өз тауарына назарын аудартуда негізгі әдістердің бірі - бәсекелестердің тауарларынан ерекшелінетін, нарыққа жаңа тауарды ұсыну.

Уақытылы нарыққа шыққан жаңа өнім жаңа тұтынушыларды қызықтырып, кәсіпорынның табысын арттырады. Осы заманғы экономикада инновацияның рөлі едәуір өсті.

Нарықтық экономикада инновация бәсекелестік әдісі ретінде көрсетіледі. Инновация жаңа қажеттіліктердің туындауына, ақшаның құйылуына, жаңа өнімдерді өндірушілердің имиджінің (рейтинг) көтерілуіне, жаңа нарықтарды игеруге және оны жаулап алуға әкеледі. Инновация үрдіс немесе өнім ретінде пайданың артуына маңызды әсер ететін кәсіпорынның негізгі табыс көзі бола алады. Алайда, көптеген кәсіпорындар тәжірибе жүзінде инновацияны ынталана қолданбайды. Сондықтан, мемлекет тарапынан туризмде инновациялық қызметті дамытуда туристік кәсіпорындарды ынталандыру шаралары жүргізілуі тиіс. Туризм инновациялар арқылы үлкен табыс әкелетін экономиканың инновационды-тартымды саласы. Әлемде жаңа технологиялардың үздіксіз дамуына байланысты туристік қызмет нарығында инновацияның рөлі артуда. Елімізде туризмді дамытуда, инновацияны тиімді қолдану үлкен жетістіктерге алып келеді. Қазақстан әлемге аса танымал болмағандықтан, шетелдік туристерге жат елдің салт-дәстүрлері таңсық келеді. Біз бұл кемшіліктерден өзіндік артықшылықтарды таба аламыз. Туризмнің жаңа инновациялық түрлерін енгізуге мүмкіндік бар. Мысалға, қымызбен емделу, ауылдық туризм, ат туризмі және т.б.

Бүгінде ХХІ ғасырдың бірінші жартысы - экономиканы қалыптастыратын озық